

**ГТФХР 14.35.09**М. Маханов<sup>1</sup>, Г.Б. Абдикеримова<sup>2</sup><sup>1,2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан(E-mail: [m.mahanoff@yandex.ru](mailto:m.mahanoff@yandex.ru))**Оқу әдебиеттерінің бакалаврлар мен магистранттарға білім беру жүйесіндегі рөлін арттыру**

**Аннотация:** Бұл мақалада жоғарға оқу орындарында техникалық мамандықтар үшін қазақ тіліндегі басылымнан шығатын оқу әдебиеттерінің жай – күйі мен тапшылығы туралы айтылады. Балавриатқа және магистратураға арналған басылымға ұсынылатын оқулықтар мен оқу құралдарының өзара айырмашылығы, олардың деңгейі мен сапасын көтеру мәселелері туралы ой – пікірлер қарастырылады.

**Кілт сөздер:** студенттерді және магистранттарды оқу әдебиетімен қамтамасыз ету, техникалық пәндер бойынша дәріс сабағы, студенттердің өзіндік жұмысын орындау.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2220-685X-2019-54-3-15-20>

Жоғары оқу орындарының техникалық мамандықтарының бәрі бірдей қазақ тіліндегі керекті оқу әдебиеттерімен жеткілікті қамтамасыз етілмегенін ескерсек, жақын арадағы бірнеше жылдарда пайдалануға керекті техникалық оқу әдебиеттерінің тапшылығы анық байқалады. Студенттер үшін білім алудағы сенімді, қолжетімді және тұрақты жаңа ақпараттың болмауы ең үлкен зиян келтіреді.

Себебі, студенттердің пайдаланған оқу әдебиеттерінің нәтижесі олардың оқу үлгерімдеріне көп әсерін тигізеді. Көптеген оқу орындары студенттерді кезекті оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етуге көп көңіл бере бермейді, қазіргі көптеген студенттер де оқу әдебиеттерін көп қолдана бермей керекті материалдарды ғаламтордан ғана іздейді. Ал ғаламторда техникалық әдебиеттерден қазақ тіліндегі дайындалған материалдар ғылыми және кәсіби деңгейі жағынан талаптарға сай келмейді немесе жоқтың қасы. Ғаламтордағы материалдар пән бойынша пайдалануға ұсынылған нақты оқу-ғылыми әдебиеттерді алмастыра алмайды.

Жоғары оқу орындарының оқытушылардың өз керегіне ғана қажет аз ғана данамен (50-150 дана) шығаратын оқу құралдары оқу орнындағы оқу үрдісінің оқу–әдістемелік қамтамасыздандырудың көрінісі саналады. Бірақ көптеген оқу әдебиеттері мазмұнының баяндалуында пәнаралық байланыстар нашар, әр түрлі пәндерге тиісті материалдардың өзге пәндегі оқу әдебиетінде қайталануы орын алады, және студенттердің өзіндік жұмысын орындауға жоспарланған материал көлемі жұмысты орындауға тиісті уақытпен сай емес екені байқалады.

Көп жағдайда дайындалған оқу әдебиеттері материалдың сәтсіз баяндалуымен, қойылған талаптарға сай рәсімделуімен құнсызданады. Мысалы, ғылыми мәліметтерді дұрыс пайдалана алмау, анықтамалардың дұрыс берілмеуі, сөйлемдерде стилистикасының нашарлығы, графикалық материалдарды ұқыпты дайындамау, пайдаланған әдебиеттерді дұрыс көрсетпеу кездеседі.

Бакалаврлар мен магистранттарға керекті оқулықтар мен оқу құралдарын жазып, басылымға дайындау оның авторларының оқу–әдістемелік және ғылыми–зерттеу жұмыстарында үлкен тәжірибесі болуын керек етеді. Басылымға дайындалатын оқулықтар оқу пәнінің материалдары типтік немесе жұмыстық оқу бағдарламасы көлемінде толық, ал оқу құралдарында жоспарланған бөлім материалдары жан–жақты ашылуы тиіс, алдыңғы өтілген пәндердің жалғасы тәрізді мазмұнында өтілген пәндермен пәнаралық байланыс, студенттердің өзіндік жұмыстарын орындау үшін бағдарламалық және оқу материалы пәнді игеру үшін жұмсалатын уақытқа сай көлемде баяндалуы тиіс.

Бакалавриатта оқитын студенттер үшін жазылған және магистратурада оқитын магистранттарға арналған оқулықтар мен оқу құралдарында күрделілігі бойынша айырмашылық болуы тиіс сияқты.

Бакалавриаттардағы оқу әдебиеттерінде пәннің мазмұнын баяндау қарапайым мәселеден күрделі мәселеге ауысып отыруы, жаңа мәліметтер берілуі, кәсібилікке бағдарлануы, әрбір тарау соңының студенттің өзін–өзі бақылауы үшін сұрақтармен аяқталғаны дұрыс. Оқу әдебиеттерінде қолданылатын лексика, терминдер күрделі болмай, материалдарды оқып игеруді жеңілдетуге мүмкіндік тудыруы тиіс.

Ал магистратураға келетін болсақ, магистратураға арналған оқу материалдары бакалавриатқа арналған материалдардың жалғасы бола алмайды. Магистратурада оқитын білімгерлер арнайыланған мамандық саласына сай терең білім алып, білімін тәжірибеде қолданады. Кейбір жағдайда оқытушылар пән бойынша зерделенетін мәселелер бойынша магистранттарды жаңа біліммен қамтамасыз ететін мерзімді басылымдардан тақырыптар бойынша жарияланған ғылыми мақалаларды немесе жаңа ғылыми еңбектерді, сонымен қатар әрбір сабаққа арнайы дайындалған ғылыми маңызы бар таратпа материалдарды пайдаланады. Себебі, техникалық жоғары оқу орындарында студенттер мен магистранттар техникалық пәндерден дәріс сабағы үстінде тақырып бойынша көптеген суреттерді, графиктерді, сұлбаларды интерактивті тақтадан немесе көрнекті құралдан көшіріп сызуына тура келеді. Көрнекті материалдар студенттердің дәріс материалдарын есте сақтауына және терең ой елегінен өткізуіне әсер етеді.

«Көлік, көліктік техника және технологиялары» кафедрасының көптеген оқытушылары мұндай жағдайларды сабақ басталардан алдын ала әртүрлі жолдармен дайындалған дәріс материалдарына сәйкес келетін тиісті суреттерді, графиктерді, кестелерді студенттердің өз дәптерлеріне дәріс барысында дәпіс мәтіні арасына қосып желімдеп қоюы үшін таратады. Бұл студенттердің жазбасында дәріс материалындағы иллюстрациялық материалдардың дәл және дұрыс нұсқасының болуына және дәріс мәтінін жазуда уақытын үнемдеуіне, ал оқытушыға дәріс сабағында дәрісті баяндаудың қарқындылығын арттыруға және материалын кеңірек жеткізуге мүмкіндік туғызады.

Бұл әдіс дәріс сабағында студенттердің сабақтың қарқындылығына ілесе алуында жақсы нәтижеге жеткізеді. Нәтижесінде оқытушының пән бойынша баяндайтын оқу ақпаратының көлемінің ұлғаюына және студенттердің дәрісті ынтасымен тындауына көмектеседі. Біздің кафедрада бұл әдіс кафедра құрылған күннен бастап қолданылуда. Біз осы әдісті қолдану жұмысын бөлісе кетейік.

Бұл әдістің кемшілік тұстары да бар. Ғылыми мақалалар мен ғылыми еңбектер оқу әдебиеттері сияқты теориялық білім бере алмайтындықтан пәндегі материалдармен байланысты толық атқара алмайды.

Бакалаврларға арналып жазылған оқулық басылымдарындағы ақпараттар уақыт өте ескіріп қалатындықтан, пайда болған жаңа ақпараттарды пайдалану қажеттілігі туындайды. Оның үстіне магистратураға оқуға түсетін білімгерлер бакалавриат бойынша тіпті басқа мамандықты оқып бітірген болуы мүмкін. Сондықтан да магистратурада пәнді оқу – әдістемелік қамтамасыз ететін негізгі құрал оқулықтар мен оқу құралдары болып саналады. Сондықтан, магистранттардың білімінің базалық деңгейін ескеретін оқулықтар мен оқу құралдары сала бойынша мерзімді басылымдардағы ғылыми мақалалар, монографиялар, ғылыми жинақтар материалдарымен және басқа қосымша материалдармен толықтырылуы мүмкін.

Бірақта оқу әдебиеттері мен құралдары сапалы дайындалып және магистрлік деңгейге сай жазылғанда ғана тиісті нәтижеге қол жеткізуге болады. Басылымға дайындалған оқулықтар мен оқу құралдары материалдардың қысқаша баяндалуы, тізбектілігі, мәселені ашуды көпжақты көзқарас, ғылыми анықтылығы айқын болуы тиіс. Алайда магистранттар өз бетінше ізденіп тек қана оқулықтар мен оқу құралдарымен шектеліп қалмай, тақырыптарына байланысты қосымша мерзімдік басылымдардағы ғылыми мақалалар мен ғылыми еңбектерді оқып, зерделеуі тиіс.

### **Қорытынды**

Оқулықтар мен оқу құралдарын басылымға сапалы *ҚР БЖҒМ*-нің талаптарына, оқу стандарттарына сай әзірлеу үшін оқу үрдісіне кеңінен қолдануға тиісті оқу әдебиеттері сапалы сараптамалар мен мамандықтар бойынша Республикалық оқу - әдістемелік кеңестерінде талқыланып, оқу үрдісінде қолдануға ұсынылуы тиіс.

*ҚР* білім және ғылым министрлігі Республикалық оқу - әдістемелік кеңесінің немесе ірі жоғары оқу орындары жанынан пәндер бойынша оқулықтар мен оқу құралдарының қол жазбаларын сараптайтын құрамында ғалымдар, мамандар бар әдіскерлер керек.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта айтсақ, техникалық мамандықтар бойынша мамандар дайындаудың сапасын жоғарылату үшін студенттер мен оқытушыларға арналған әдебиеттер ақпараттарымен өз білімдерін үздіксіз толықтырып және жетілдіріп отыратын сапалы әдебиеттер керек.

## Әдебиет тізімі

1. Майбуров И.А. Учебник для магистратуры: необходимость и концептуальное ведение // Университетское управление: практика и анализ. - №3 (67). - 2010. – С. 41-47.
2. Клюев В.К. Какой быть учебной книге для профессионалов библиотечный отрасли // Университетская книга. №10. - 2011. – С. 29-31.
3. Шахнов В.А., Власов А.И., Зинченко Л.А. О методическом обеспечении инженерного образования в современных условиях//Высшее образование России. - № 3. - 2012. - С. 104-108.

М. Маханов<sup>1</sup>, Г.Б. Абдикеримова<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Республика Казахстан*

## Повышение роли учебных литератур в образовательной системе бакалавриата и магистратуры

**Аннотация:** В данной статье освещается о состоянии и недостаточной обеспеченности учебными литературами технических специальности вузов издаваемых на казахском языке. Рассматриваются вопросы о различии учебников и учебных пособий рекомендуемых для бакалавриата и магистратур, проблемах повышения их уровня и качества.

**Ключевые слова:** обеспечение студентов и магистрантов учебными литературами, лекционные занятия по техническим дисциплинам, самостоятельная работа студентов.

М. Makhanov<sup>1</sup>, G. Abdikerimova<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

## Increasing the role of educational literature in the educational system of bachelor's and master's degrees

**Abstract:** This article highlights the state and insufficient provision of technical books of high schools published in the Kazakh language. Questions are considered about the difference between textbooks and teaching aids recommended for undergraduate and graduate programs, problems of improving their level and quality.

**Key words:** providing students and undergraduates with educational literature, especially lectures on technical subjects, independent work of students.

### References

1. Mayburov I.A. Uchebnik dlya magistratury: neobkhodimost' i kontseptual'nyye vedeniya [Textbook for graduate studies: neobkhodimost and conceptual management] Universitetskoye upravleniye: praktika i analiz [University Management: Practice and Analysis], №3, 41-47 (2010). [in Russian]
2. Klyuyev V.K. Kakova uchebnaya kniga dlya professionalov bibliotechnoy otrasli [What to be a study book for library professionals] Universitetskaya kniga [University book], №10, 29-31 (2011). [in Russian]
3. Shakhnov V.A., Vlasov A.I., Zinchenko L.A. O metodicheskoy obespechenii inzhenernogo obrazovaniya v sovremennykh usloviyakh [On the methodological support of engineering education in modern conditions] Vyssheye obrazovaniye Rossii [Higher Education in Russia], №3, 104-108 (2012). [in Russian]